КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2025 жылғы 07 сәуір №7119-25-00-2/2980 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.М.Утегенова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Көмек Рк» атынан - Кулмагамбетов Ерлан Мейрамович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Көмек Рк» атынан - Кулмагамбетов Ерлан Мейрамовичке қойған мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Көмек Рк» атынан - Кулмагамбетов Ерлан Мейрамович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер «Көмек Рк» атынан - Кулмагамбетов Ерлан Мейрамовичтен мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Көмек Рк» атынан - Кулмагамбетов Ерлан Мейрамовичтен «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 427 (төрт жүз жиырма жеті) теңге тұрақсыздық айыбы және 13 (он үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **А.М.Утегенова**

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 07.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 16.05.2025, судья Утегенова А. М., 19.05.2025

7119-25-3-1/2754